

**«6D020300-Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне ідену үшін ұсынылған Тоқсанбаев Алмас Корғаджановичтің «Орталық Азия көшпелілерінің ортағасырлардағы билік жүйесі: тарихнама мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

**СЫН-ШҚІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:  1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Диссертациялық жұмыс ғылымның даму бағыттарына және рухани жаңғыруға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың бағытына сәйкес келеді. Зерттеу жұмысында мемлекеттік пен билік, Орталық Азия көшпелілерінің билік мәселесінің зерделенуі, көшпелілерге тән билік институттарының тарихы мен тарихнамасы ғылыми тұрғыда сараланып, нақты дәйектермен қорытындыланады. Көшпелілер саяси билік жүйесінің зерттелуінің теориялық-методологиялық негіздері талданып, нақты тұжырымдар мен қорытындылар анықталған.  1) Ғылыми жұмыс Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының төмендегідей басым бағытына сәйкес орындалған: – Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер; – Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: «Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүрлер мен құндылықтадың ортақтығы» бағытына сәйкес келеді 2) Диссертациялық жұмыс мемлекеттік бюджетінен қаржыландыратын бағдарлама аясында орындалған: А) Әлеуметтік-экономикалық және гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер мен әлеуметтік және қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері және пәнаралық зерттеулер бойынша гранттық қаржыландыру аясында орындалған. Жоба немесе бағдарламаның атауы: «Түркі халықтары әлемінің этноисторикалық сипатын қалыптастырудағы мифологиялық универсалдар мен рухани тәжірибелер»; Б) Диссертациялық жұмыс мемлекеттік бюджетінен қаржыландыратын «Тарих – халық тарихында» атты мемлекеттік бағдарламаның аясында орындалған. Жоба немесе бағдарламаның атауы: «Орталық Азия көшпелілері өркениетінің тарихы». 3) Тоқсанбаев А.Қ. диссертациясы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім мен ғылым саласындағы зерттеулер» басым бағытына сәйкес келеді.

2.	Ғылымға маңыздылығы	2.1 Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	<p>Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қоса алады. Ғылыми жұмыстың құрылымы, тақырыптық-мазмұндық баяндалу желісі жүйелі, ғылыми-теориялық тұрғыдан дәлелді және орындалу сапасы жоғары деңгейде. Сонымен қатар тақырыптың маңызы ашылған, практикалық тұрғыдан да өзекті мәселелерге арналған. Зерттеу нәтижесінде қол жеткізген тұжырымдар мен түйіндер, қорытындылар нақтылығымен, ғылыми көзқарастарының тиянақтылығымен анықталған.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері жоғары оқу орындарында тарих факультетінде студенттер мен магистранттарға оқытылатын Орталық Азия көшпелілерінің тарихы, мемлекеттілігі мен билік мәселесіне арналған дәрістер мен семинарларда, «Көшпелілер қоғамындағы мемлекеттілік және жоғары билік», «Орта Азия көшпелілерінің ортағасырлық қоғамындағы билік институттары» атты курстарда, осы тақырып бойынша зерттеу жүргізетін зерттеушілерге пайдалануға болады.</p> <p>Ғылыми жұмыстың негізгі қорытындыларын тың, бұрын соңды жарияланбаған деп есептеуге болады. Көшпелілер қоғамындағы саяси биліктің қалыптасуының алғышарттары, дамуы мен ерекше құрылымы, билік институттары, әр кезеңдегі билеушілердің құқықтары мен міндеттері, билік символдары, тарихи сабақтастығы мәселесінің тарихына, зерттелу деңгейіне тарихнамалық талдау бағытында зерттеу жүргізу ауқымды, теориялық және практикалық дайындықты қажет ететін бағыт болғандығымен негізделеді. Демек, тақырып тың және өзекті. Диссертациялық жұмыс тарих ғылымының аясын кеңейте түсетін еңбектердің қатарына жатады.</p> <p>2.1 қосады, ашылған</p>
3.	Өзі жазу принципі	3.1 Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	<p>Диссертацияның өзі жазу деңгейі жоғары. Отандық, шетелдік, әртүрлі тілдерде жазылған ғылыми зерттеу еңбектері, ондағы түрлі көзқарастар мен пікірлерді талдау, алынған тұжырымдарды салыстыру, өзіндік көзқарасын білдіріп, теориялар мен тұжырымдарды зерделеуде өзі жазу принципі сақталынған. Көшпелілердің ғасырлар бойы мемлекеттілігінің эволюциясы, саяси билік жүйесінің құрылымы, билікті мұралану ерекшеліктері мен тарихи сабақтастығы мәселелерінің зерттелінген және зерттеуді қажет ететін жақтарын анықтау мәселесінде зерттеушінің тақырыпты толық меңгеріп, негізгі бағыттар бойынша сараптама жасап, тұжырымдар шығаруда аталған принцип сақталынған.</p> <p>3.1 жоғары</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	<p>Дәстүрлі мемлекеттілік және саяси билік пен билік жүйесі, көшпелілерге тән билік символдары мен атрибуттарын тарихнамалық тұрғыда зерделеудің өзектілігі айқын. Саяси билік жүйесінің көшпелілерге тән ерекшеліктерін тарихи тұрғыда көрсетіп, негізгі тұжырымдар жасау болашақта тарихи білімнің жаңа бағыттарын анықтап, зерттеуге қажет мәселелерді айқындай алады. Саяси, үйсін, қаңлы, ғұн, түркі кезеңінде бастау алып, кейіннен осы кезеңдердегі этникалық, рухани-мәдени, саяси үрдістердің</p>

		заңды қорытындысы ретінде құрылған Алтын Орда, Ақ Орда, Қазақ хандығының саяси ұйымдасуы мен билік жүйесінің ерекшеліктерінің теориялық-методологиялық мәселелері, Ресей империясы кезеңінен бастау алған еңбектер мен бүгінгі күнге дейінгі заманауи зерттеулерді кешенді түрде тарихнамалық тұрғыда зерделеудің маңызы зор, ақпараттардың ауқымы да үлкен екені белгілі. Диссертациялық жұмыстың өзектілігі негізделген деуге болады. 4.1 негізделген
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертацияда ежелден бергі қалыптасқан мемлекеттік құрылымдардан бастау алып, қағандық, хандықтармен сабақтасып, көшпелілер қоғамының саяси билік жүйесінің қылыптасуы, дамуы, құлдырауы, билік құрылымы мен басқару институттары, билеуші бейнесі мен билік атрибуттары, көшпелілерде сакральдық ұғымының пайда болуы, зерттеушілердің осы тақырыпқа қатысты көзқарастарының эволюциясын жан-жақты зерттеу мен негізгі тұжырымдарға келумен дәйектелген. Ғылыми жұмыстың мазмұны тақырыбына сәйкес айқындалған. 4.2 айқындайды
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Зерттеу тақырыбының мақсаты Орталық Азия көшпелілерінің ортағасырлық қоғамындағы билік жүйесіне байланысты тарихнамалық зерттеулердің кезеңдері, мазмұны және тарихи көзқарастар эволюциясының бағыттары, жетістіктері мен кемшіліктерін атап, болашақта зерттеуді қажет ететін тұстарын анықтау болып табылады. Мақсатқа сай диссертацияның құрылымы белгіленген міндеттерді шешуге арналады. Диссертацияның ұсынылған материалдары және алынған нәтижелер қойылған болжамды растап, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін шешуге бағытталған. 4.3 сәйкес келеді
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері толық байланысқан және ішкі құрылымы бірізді, қол жеткізген ғылыми нәтижелері логикалық тұрғыда байланысқан. Диссертациялық зерттеудің негізгі мазмұны толық ашылған және зерттеуде қойылған мақсат-міндет орындалған. Докторант зерттеу тақырыбын ашу барысында қазіргі заманғы тарихи салыстырмалы, нақты талдау, ретроспективті, жүйелі талдау әдістері мен деректанулық, тарихнамалық бағыттағы әдістерді тиімді қолдана отырып жан-жақты ғылыми талдау жасаған. 4.4 толық байланысқан
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар;	Диссертациялық жұмыста ежелгі кезеңнен ортағасырлардағы көшпелілер қоғамындағы билік мәселесінің теориялық аспектілері, XIX ғ. соғы мен қазіргі кезеңге дейінгі зерттелу мәселелері, мемлекет пен басқару құрылымы, оның ішінде биліктің пайда болуы мен қалыптасуы, биліктің атрибуттары мен символдарын, биліктің сакральдығы, көсемдік теориясына қатысты тұжырымдарды зерделеген

		2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	зерттеушілердің теориялық ұстанымдары салыстырылып, оған ықпал еткен факторлар анықталып, зерттелген, аз зерттелген және зерттеу қажетті мәселелер анықталып, жан-жақты тарихнамалық талдау жасалынған. Марксистік, эволюционистік теориялар, ортодоксальды, биоэлеуметтік, неозволюционистік және кросс-мәдени зерттеу методологияларының ықпалы, салыстырмалы талданып, бірқатар теориялық мәселелер талданып, көпвекторлық теориялық-методологиялық тұжырымдар талданып, негізгі қорытындылар жасалынды. Диссертация жазу барысында сыни талдау жүргізілген. Автор ұсынған кағидаттар, әдістер дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған. Сыни талдау жасалынған. 4.5 1) сыни талдау бар
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен кағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Көшпелілер қоғамының саяси ұйымдасуының, соның ішінде жоғарғы биліктің түрі, формасы мен ерекшеліктерін зерттеуге байланысты қалыптасқан түрлі теориялық-методологиялық ұстанымдар мен тұжырымдардың бағыттары жүйеге түсіріліп, тарихи зерттеулердің даму кезеңдері, нәтижелері талданған. Бұл жартылай ғылыми жаңалық бола алады. Ежелгі және ортағасырлардағы көшпелілер қоғамындағы жоғары билік пен мемлекеттілік туралы шет елдік және отандық зерттеушілердің еңбектерінің жетістіктері мен кемшіліктері жаңа көзқараста алғаш рет нақты түйінделген. Толығымен жаңа болып табылады. Көшпелілер қоғамындағы биліктің киелілігіне (сакральдылығы) қатысты зерттеулердің тұжырымдары талданып, Орта Азия көшпелілерінің дүниетанымында билік пен билеушіні ұғымы «құт» ұғымымен сабақтасып кеткендігі тұжырымдалды. Бұл жұмыстың толық ғылыми жаңалығы болып табылады. XX ғасырдың екінші жартысынан кейін билік мәселесіне қатысты қалыптаса бастаған мәдени-антропологиялық тұрғылар мен тұжырымдардың ішіндегі басым бағыттардың бірі болып табылатын көсемдік теориясының көшпелілердің қоғамдық-саяси ұйымдасуының, мемлекеттік құрылымының ерекшеліктерін нақты анықтай алмайтындығы көрсетілді. Бұл жұмыстың толық ғылыми жаңалығы болып табылады. Тарихнамалық зерттеулерді салыстырмалы түрде талдау негізінде көшпелілер қоғамындағы жоғарғы билікті мұралану мен билік құқығының тарихи сабақтастығы айқындалды. Бұл жартылай ғылыми жаңалық бола алады. Көшпелілер қоғамындағы билік символдары мен атрибуттарының зерттелу деңгейін, бағыттарын, нәтижелерін анықтау арқылы көшпелілердің ортағасырлық қоғамындағы саяси билік мәселесін зерттеуге қатысты келешектегі зерттеу нысанына айналатын проблемалары жаңа көзқараспен нақтыланды. 5.1 толығымен жаңа

		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?  1) толығымен жаңа;  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?  1) толығымен жаңа;  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Зерттеу жұмысының нәтижелері мен қағидағтары зерттеудің мазмұнының сәйкестігімен, зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдердің тиімділігімен, зерттеу жұмысының жүйелі жоспарлануымен, сандық және сапалық көрсеткіштердің дәлелділігімен сипатталады.</p> <p>5.2  1) толығымен жаңа</p> <p>Зерттеу жұмысында келтірілген ұсыныстар тарих және тарихнамалық зерттеу жұмыстарын дайындау барысында пайдалануға қажеттігі бар.</p> <p>5.3  1) толығымен жаңа</p>
б.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>6.1 Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Орталық Азия көшпелілерінің ортағасырлық қоғамындағы билік жүйесіне байланысты тарихнамалық зерттеулердің кезеңдері, мазмұны және тарихи көзқарастар эволюциясының бағыттары, жетістіктері мен кемшіліктерін анықтау негізінде зерттеу тақырыбының болашағы айқындалған.</p> <p>Ежелгі және ортағасырлардағы көшпелілер қоғамындағы билік мәселесін қарастырған зерттеушілердің әр кезеңдегі ғылыми көзқарастарының ерекшеліктері, теориялық-методологиялық тұжырымдардың динамикасы мен бағыттары анықталып, сараптама жасалынған.</p> <p>Көшпелілер қоғамындағы саяси билікке қатысты көп векторлы теориялық-методологиялық тұжырымдарды талдау арқылы көшпелілер қоғамындағы мемлекеттілігі, саяси билік және билеуші бейнесі мәселесінің шетелдік және отандық тарихнамада пайымдалуы қарастырылған;</p> <p>Көшпелілер қоғамындағы биліктің киелілігіне (сакральдылығы) қатысты зерттеулердің тұжырымдарын талдау арқылы, көшпелілер қоғамы ұйымдасуының өзіндік ерекшеліктері айқындалған.</p> <p>Көшпелілер қоғамының саяси ұйымдасуының ерекшеліктерін зерттеуде басым бағыттардың бірі болып табылатын көсемдік теориясына қатысты тұжырымдарды қазіргі таңдағы жинақталған тарихи, соның ішінде археологиялық және ауызша деректердің мәліметтерімен салыстырмалы түрде талданған.</p> <p>Көшпелілер қоғамындағы жоғарғы билікті мұралану мен билік құқығының тарихи сабақтастығы мәселесінің зерттелуі анықталған.</p> <p>Көшпелілер қоғамындағы билік символдары мен атрибуттарының зерттелу деңгейі,</p>

			бағыттары, нәтижелері көрсетілген. 6.1 Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.3 Жана ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p>7.5 Мақалаларда дәлелденген бе?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Көшпелі халықтардағы билік жүйесі мен мемлекеттілік туралы диссертант тұжырымдары дәлелденген. Бұл тақырып тарихнамалық тұрғыда алғаш рет зерттеу нысанына алынып отырғанымен де құнды болып табылады.</p> <p>7.1</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>Көшпелі қоғамдағы көсемдік теорияға байланысты кенестік кезеңдегі саяси генездік тұжырымдардан бас тартып, жаңа археологиялық деректердің негізінде палеоәлеуметтік зерттеу бағытында зерделеніп, тарихи-антропологиялық методологияның зерттеу кеңістігінде талдауға түсе бастады. Көсемдік теориясының тарихи сабақтастығы мәселесі Отандық тарих ғылымында жаңа көзқарастар шеңберінде қарастырылады. Қолданылған зерттеу материалдары сенімді, қорытындылар негізделген, ұсыныстар маңызға ие.</p> <p>7.1 дәлелденді</p> <p>Көшпелілердің дәстүрлі қоғамында билік пен билеушінің сакральды бейнесі көшпелілердің дүниетанымдық құндылықтарымен араласып, көшпелілердегі саяси билік құрылымының қалыптасу тарихында билеуші билік пен халық арасындағы өзара түсіністік пен құрметтің мәні билеушіге деген сенімнен құралатындығы дәйектелген. Орта Азия көшпелілерінің дүниетанымында билік пен билеушіні «құт» ұғымымен байланыстырып, елге тыныштық пен молшылық, құт-береке әкелуші деп қабылдаған және идеологиялық көрініске ие болғандығын түрлі ауызша тарих айту дәстүрінің бай мұраларымен дәлелдеген.</p> <p>7.1 дәлелденді</p> <p>Батыс тарихнамасы көсемдік теориясындағы аталған ұғымның тұжырымдамасы жалпы көшпелілер, соның ішінде Ұлы Дала өркениетін туындатқан Еуразия көшпелілерінің саяси, әлеуметтік және қоғамдық ұйымдасуының ерекшеліктерін толық ашып көрсете алмайды. Дала тарихын зерттеушілер еңбектерінде дүниетанымдық түсініктің басымдылығы негізгі ерекшелігі болып табылады.</p> <p>7.1 дәлелденді</p> <p>Көшпелілер қоғамындағы жоғарғы билікті мұралану, хан көтеру дәстүрі және билік құқығына қатысты мәселелер отандық тарихшылардың еңбектерінде хронологиялық сипатта жақсы қарастырылғанымен, ішкі жекелеген элементтеріндегі айырмашылықтары толық ашылмағандығы анықталды. Сонымен қатар жазба</p>

			<p>деректердегі билік жүйесіндегі аталған мәселелерге қатысты зерттеулер тарихшылар тарапынан аз зерттелгендігімен айқындалды. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы жоғары билік пен билеуші бейнесі және билік атрибуттары туралы құнды мәліметтер қазақтың фольклорында қордаланған және бұл этнографиялық деректер дәстүрлі қоғамдағы билік жүйесінің өз бастауларын көне дәуірден алатынын дәлелдейтін маңызды тұжырымдар жасауына көмектеседі.</p> <p>7.1 дәлелденді</p> <p>Көшпелілер өркениетіндегі саяси-әлеуметтік құрылым, мемлекеттілікті зерттеуге байланысты тарихнамада бірнеше теориялар мен тұжырымдар калыптасты. Оларға тарихнамалық талдау жүргізілген.</p> <p>7.2</p> <p>1) иә</p> <p>Көшпелілер қоғамындағы билік жүйесінің өзіндік ерекшеліктері мен тарихи сабақтастығы отандық зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылғанымен, шетелдік ғалымдардың еңбектерінде жете ашылмағандығы тарихнамалық талдауда негізделген. Қарастырылған тақырыптың әрбір бөлімі бойынша мұқият, тиянақты жұмыс бар. Жұмыстың тақырыбы толық ашылған, қойылған мақсат, міндет орындалған.</p> <p>7.3</p> <p>1) иә</p> <p>7.4. Қолдану деңгейі</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалаларда дәлелденген бе?</p> <p>1) иә</p> <p>Зерттеу жұмысының негізгі қорытындылары мен нәтижелері 9 ғылыми мақала негізінде жарық көрген. Оның ішінде ҚР БЖҒМ Білім және Ғылым саласындағы бақылау саласындағы комитеті ұсынған басымдарда – 4 мақала; шет елдік халықаралық ғылыми конференцияларда – 1; отандық республикалық және халықаралық конференцияларда – 3; Scopus базасына индекстелетін нөлдік емес импакт-факторы бар журналда – 1 мақала жарияланған.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	<p>Зерттеу жұмысында жалпы ғылыми және тарихи әдістеме қолданылған. Зерттеуші диссертация жазу кезінде тарихи үрдістегі құбылыстарды зерттейтін тарихилық қағидасына және ғылыми талдаудың объективтілігіне басты назар аударған.</p> <p>8.1</p> <p>1) иә</p>

ақпараттың дәйектілігі	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістерінің пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Диссертация жұмысының нәтижелері заманауи әдістерді пайдалана отырып алынған. Ғылыми жұмыстағы көптеген зерттеулер бойынша ақпараттар берілген және тарихнамалық деректерді талдау мен өңдеу, интерпретациялау, салыстыру сияқты әдістер қолданылған. 8.2 1) иә	
	8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Теориялық қорытындылар мен ұсыныстар нақты материалдарға, сарапшылардың пікірлеріне және де зерттеу тақырыбына сай жазылған еңбектермен дәлелденген және расталған. Диссертацияда пайдаланылған нақты тарихи, тарихнамалық зерттеу әдістері дәлелденген. 8.2 1) иә	
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Қолданылған әдебиеттердің тізімінде диссертациялық жұмыстың маңызды мәліметтерін растайтын көптеген сенімді деректер мен тиісті ғылыми әдебиет қарастырылған. Ғылыми зерттеу мәселелері бойынша пайдаланылған ежелгі және ортағасырлардағы жазбаша, ауызша, археологиялық дерек көздері мен шетелдік және отандық ғалымдардың көптеген зерттеу еңбектеріне сілтемелер талапқа сай рәсімделіп, берілген. Жеке және ұжымдық монографиялар, оқулықтар мен оқу құралдары, ғылыми журналдар мен ғылыми-практикалық конференция материалдарындағы жинақтар, бұқаралық ақпарат құралдарына жарияланған зерттеушілердің мақалаларына да сілтеме жасалған. 8.4 расталған	
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Диссертацияда қамтылған әдебиеттердің ауқымы зор. Көптеген Отандық, шетелдік еңбектерді, тарихи және тарихнамалық дерек көздерін пайдаланған. 380 әдебиет пайдаланылған. 8.5 жеткілікті	
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстағы теориялық-методологиялық ұстанымдар мен принциптер ғылыми зерттеу жұмыстарында көрініс табу мүмкіндігі бар. 9.1 иә

	<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Алынған нәтижелерді ЖОО Орта Азиядағы көшпелілер қоғамындағы билік жүйесінің теориялық-тұжырымдық және теориялық-методологиялық мәселелерін тарихнамалық тұрғыдан тарихшы, этнограф, саясаттанушы, археология саласында кеңінен қолдануына болады. Алынған зерттеу тұжырымдары мен тарихи жаңалығын Қазақстан тарихы бойынша оқытылатын курстар, дәрістерде пайдалануға болады.</p> <p>9.2 1) иә</p>
	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациядағы зерттеулер мен практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады.</p> <p>9.3 1) толығымен жаңа</p>
10.	<p>Жазу және ресімдеу сапасы</p> <p>10.1 Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	<p>Жұмыс диссертацияға қойылатын академиялық жазу талаптарына сай жақсы сапада жазылған және ресімделген.</p> <p>10.1 1) жоғары</p>

Диссертант Алмас Қорғаджанұлы Токсанбаевқа философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:

Семей қаласы Шәкәрім атындағы университетінің  
Гуманитарлық-экономика факультеті тарих және құқық кафедрасының  
профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты



А. Исин

*А. Исин* қолын растаймын  
Персоналды басқару және ҚАБ басшысы  
\* \* \* 20\_\_ ж.